

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногор қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 маусым N 673

Спорттағы дарынды балалардың жеке ерекшеліктерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Лениногор қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:

1) қысқы спорт түрлері бойынша спорттық резервті және Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын даярлау;

2) оқушылардың спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету.

3. Мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне көзделетін қаражат шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Лениногор қаласы, Лесное селосы мекен-жайы бойынша орналасқан "Лениногор" санаторийін кейіннен Мекемеге беру үшін Шығыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігінен республикалық меншікке беру туралы ұсынысы қабылданын.

5. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі:

1) Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен "Лениногор" санаторийін республикалық меншікке қабылдауды және оны Мекемеге беруді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 19 маусымдағы

№ 673 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен .

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысына .

3. *Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

4. "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"IV. Шығындар" бөлімінде:

4 "Білім беру" функционалдық тобында:

2 "Жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру" ішкі функциясында:

613 "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" әкімшісі б о й ы н ш а :

031 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" бағдарламасында:

032 "Өскемен қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат" кіші бағдарламасында "Өскемен" деген сөз "Лениногор" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 қаңтардағы N 77 қ а у л ы с ы н а :

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

2, 6-тармақтардағы "Өскемен" деген сөз "Лениногор" деген сөзбен ауыстырылсын.